

Қазақ күресінің ережесі

*Қазақстан Республикасы
қазақ күресі федерациясымен бекітілген*

Барлық жарыста әрбір белдесуге тағайындалған төрешілер тобына: **кілем жетекшісі, кілемдегі төреші, қапталдағы төреші**, яғни үш ресми төреші енеді. Төрешілер тобын кездесу кезінде алмастыруға үзілді-кесілді тыйым салынады. Тек сырқаттанып қалуын дәрігерлік қорытынды айғақтаған жағдайда ғана төрешілерді ауыстыруға болады.

Төрешілер құрамына бір ұйымнан екі бірдей төрешінің енуіне жол жоқ. Өз ұйымының өкілі қатысатын белдесуге төрешілік жасауына рұқсат етілмейді. Төрешілердің қара түсті костюм-шалбары мен көк түсті көйлегі және қызыл түсті мойын жібі болуы – шарт, қыста костюм-шалбар, жазда көйлекпен төрешілік жүргізіледі. (1 – сурет.) Атағына байланысты айырым төс белгілері болу керек.

Жалпы міндеттері:

а) Кілем жетекшісі, төреші, қапталдағы төреші әрбір қолданылған әдіске жеке баға бере отырып, түпкілікті шешім қабылдауы керек;

ә) Төрешілердің міндетіне жарыс ережесінде қаралған айыптау шаралары да кіреді;

б) Техникалық хатшы жазбалары екі қарсыластың барлық әдіс-айласына берілген бағаның нақты көрінісі болып табылады.

Күртеше

Күртешеге арналған мата мықты және терді жақсы сіңіретін болуы қажет. Кеудеге киетін киім етегінің ұзындығы жамбасты толық жабуы және екі бүйірінде белдік өткізетін орны болуы тиіс. Жеңінің ұзындығы шынтақ буынына дейін жетуі тиіс. Белдіктің ұзындығы балуанның денесін екі орауға толық жетуі тиіс. Шалбардың балағының ұзындығы тізеге дейін болуы қажет. Кең тігілген шалбар белге бау арқылы ұстатылады. Кеудеше мен шалбардың түсі бірдей матадан тігіледі Аяқ киім қонышының ұзындығы тобықты жауып тұрады және ол жұмсақ былғарыдан тігіледі. (3 – сурет)



3 – сурет. Балуандардың киім үлгісі

Төрешілер есебі

1 – кесте. Бір кілемге қызмет көрсететін төрешілердің құрамы:

№	Төрешілер	Саны
1	Бас төреші	1
2	Бас төрешінің орынбасарлары: спорттық бөлім бас дәрігер	1 1
3	Бас хатшы	1
4	Техникалық хатшылар	2
5	Уақыт бақылаушы төрешілер	2
6	Төрешілер	8
7	Хабарлаушы (диктор)	1
8	Медбике	1
9	Хатшы	1
	Барлығы:	18 адам

Спорттық-техникалық комитеті Жарыс өтетін орынның жалпы дайындығын бақылайды.

1. Спорттық-техникалық комитеттің міндеттері:

а) техникаларды (бейнекамера, ноудбук, теледидар т.б.) іске қосады;

ә) мондаттық комиссияны өткізеді (жіберген мекеменің және дәрігердің мөрі басылған талап хат пен спортшының тіркеу куәлігі.);

б) спортшылардың салмақтарын таразыдан өткізеді (таразыдан өту бір ақ рет өтеді, салмағы асып кеткен жағдайда келесі салмаққа жіберілмейді, мондаттық комиссиядан өткендіктен хаттамаға енгізіледі. Салмақтан өлшеу белгіленген уақытта басталып белгіленген уақытта тоқтатылады.);

в) жеребе тартқызады (жеребе салмақ өлшенгеннен кейін жүргізіледі. Егер бір аймақтан екі спортшы келсе тақ және жұп сандары арқылы екі топқа тасталынады.);

Бас төреші

Бас төреші жарысқа басшылық жасайды және жарыстың Ережеге сәйкес өтуін қадағалайды.

1. Бас төрешінің міндеттері:

а) төрешілерді топ-топқа бөліп, әр айналымның жұп құрамын тексеріп бекітеді;

ә) арыз немесе наразылық белгілеріне өз шешімін айтады;

б) төрешілер алқасының мәжілісін күнде жарыс алдында, сондай-ақ қажет жағдайда жарыс кезінде өткізеді;

в) белдесудің қорытынды шешімін келесі айналым белдесулері басталғанша шығарады;

г) жарыстың бірінші күніндегі қорытынды шешімін сол күнгі жарыс соңында төрешілер жиынында міндетті түрде бекітеді;

ғ) іс қағаздары мен хаттамаларды белгіленген уақытта жарысты өткізген ұйымға тапсырады.

2. Бас төрешінің құқығы

а) жарыс өтетін орын бәсеке басталғанға дейін даяр болмаса, жарысты тоқтатады;

ә) жарысты өткізуге кедергілер кездессе, жарысты доғарады немесе уақытша үзіліс жариялайды;

б) өте қажет жағдайда жарыс күнтізбесі мен бағдарламасына өзгеріс енгізеді;

в) өрескел қателіктер жіберген немесе өздеріне жүктелген қызметті мінсіз атқара алмаған төрешілерді міндетінен босатады;

г) жарыс кезінде дәрекілік көрсетіп, төрешілер немесе жарысқа қатысушылармен жағаласқан команда басшысына ескерту жасайды (немесе шеттетеді);

д) моральдық көзқарас тұрғысында жат қылықтар көрсетіп, дәрекілік танытқандарды жарыстан шеттетеді;

е) балуандардың әрекетін бағалауда төрешілердің пікірі бір арнадан табылмай жатса, қорытындыны хабарлауды тоқтата тұрып, қосымша талқылаудан кейін кесімді шешім шығаруға құқылы (талқылауға тек сол белдесуге қазылық еткен төрешілер қатысады). Бас төрешінің үкімдерін жарысқа қатысушылар, төрешілер, команда өкілдері мен бапкерлер бұлжытпай орындауға тиіс.

Бас хатшы

Бас хатшы төрешілер алқасы мәжілістің хаттамасын жүргізеді, жарыс айналымы бойынша кездесулер реті мен жарыс тізбесін дайындайды, бас төрешінің үкімдері мен шешімдерін әзірлейді, өтініш-тілек хаттарды тіркеп, оны бас төрешіге табыс етеді, барлық төрешілерге қатысты іс-қағаздарын реттейді, жарыс хатшылығының жұмысын басқарады, бас төрешінің рұқсатымен хабарлаушыларға, команда өкілдері мен тілшілерге мәліметтер береді.

Кілем жетекшісі

Белдесуге жауапты кілем жетекшісі Ережелерді және барлық өзіне жүктелген міндеттерді орындайды:

а) кілемдегі төреші мен қапталдағы төрешінің жұмысын үйлестіреді;

ә) белдесу барысын жіті бақылайды, Ережеге сәйкес белдесу барысында өз бағасын береді.

Кілем жетекшісінің құқығы:

а) Егер кілем жетекшісі кілемдегі төреші және қапталдағы төрешінің қабылдаған шешімі нақты іс-әрекетпен сәйкес келмейді деп есептесе, ол шұғыл түрде бәсекені тоқтатады. Бұл мәселе олардың қатысуымен талқыланғаннан кейін (екі төрешінің бірінің келісімін алған жағдайда) ол бұрынғы шешімді өзгерте алады.

ә) Егер кілем жетекшісі кілем төрешісі және қапталдағы төрешінің арасында түсініспеушілік туса, онда кілем жетекшісі түпкілікті шешім қабылдау үшін жарыстың бас төрешісін шақырады. Егер шешім бас төрешінің қатысуымен әділ шешілмесе, төрешілер алқасының төрағасы, спорт комитеті ҚКФ–ның өкілінің қатысуымен шешім қабылданады.

Кілемдегі төреші

Кілемдегі төреші белдесудің Ережеге сәйкес өрбуіне жауапты және қапталдағы төрешімен тығыз байланыста болуы керек. Нұсқау белгісімен белдесуді бастайды, тоқтатады және аяқтайды. Белдесу Ережесінің сақталуына қатаң ден қойып, балуандарға өзінің нұсқау сілтемесіне тез арада мойын ұсынып, бағынуы үшін жеке абырой-беделімен ықпал етуі керек. Сырттан ешкімнің жөн-жосықсыз араласуына жол бермей, белдесудің әділетті өтуіне жауапты.

Кілемдегі төреші:

а) сылбырлық танытқан бір немесе екі балуанды да күреске шақырады;

ә) белдесуді ерте де, кеш те емес, дер кезінде тоқтатады;

б) кілем шетінде қолданылған әдістің есептелінетінін немесе есептелмейтінін анықтайды;

в) балуандар шектеулі сызықтан сыртқа шығып кетсе, оларды кілем ортасына шақырып, белдесуді жалғастырады;

г) төреші кілем жетекшісінің талап етуімен белдесуді тоқтатып, айқын басымдылыққа ие болған балуанды «жеңіске жетті» деп жария етуге міндетті.

Қапталдағы төреші:

Қапталдағы төреші Ережеде қарастырылған төмендегі барлық міндетті орындайды:

а) белдесу барысын мұқият қадағалап, әдіс қолданған балуанға ұпай береді. Сондай-ақ, өз пікірін барлық жағдайда ашық айтуға тиіс;

ә) сылбырлық танытқан балуанды ширақ күресуге шақырады және ескерту беруге белгі береді;

б) таза жеңісті белгілейді;

в) белдесу кезінде қапталдағы төреші аңғармай қалған немесе басқа да әрекетті тез (рұқсат етілмейтін әдіс, теріс әрекет) айту керек деп тапса, ол балуанның белбеу түсін көрсетіп, назарын аударуға тиіс;

г) белдесуді мұқият бақылау кезінде, әсіресе ерекше жағдайда өзі отырған тұста жүріп-тұруына болады;

д) қапталдағы төрешінің қандай да бір пікірі екінші төрешімен бір жерден шықса, олардың шешімі нақты болып табылады.

Төрешілерге қатысты жазалар:

Қазақ күресі федерациясы спорт комитетінің өкілі Ережеде көрсетілген тәртіп бойынша қателік жіберген төрешілер алқасына мынадай шаралар қолдануға құқығы бар:

1. Ескерту жасауға;
2. Жарыстан шеттетуге (дисквалификация);
3. Уақытша шеттетуге;
4. Төрешілер тобының мүшесін төменгі сатыға ысыруға;
5. Төрешіліктен мүлдем алыстатуға

Әдіс-айлалардың бағалануы және белдесу нәтижелері, белгілері:

«Бүк» - қолға, ішіне, тізеге, тізелеріне тиюі әсерінен болған әдіс тәсілдері. Дауыстап «Бүк» деп айтылады. Оң не сол қолын иығының деңгейіне көтеріп, алақанын төмен қаратып ұстайды. Хаттамада «Б» деп белгіленеді. Белдесу тең аяқталған жағдайда қай палуанда «бүк» ұпайы көп болса, сол жеңіске жетеді.

Қазақ күресінде балуандар түрегеп тұрып күреседі. Аяқтан ұстауға болмайды, бірақ аяқпен жасалатын әдістерді қолдануға құқылы. Тізерлеп отырып әдіс қолдануға да рұқсат етілмейді. Бірақ басқа әдіс-тәсілдерді қолдану кезінде тізенің, қолдың еріксіз кілемге тиюі ережені бұзғандық болып есептелінбейді. Егер жамбастап отыра қалып немесе кеудеден асыра лақтыру, балуанның денесі, жамбасы, қолы, тізесі тисе, бұл ережені бұзғандық болып саналмайды. Әдіс қолданушы балуанға тиісті ұпайы беріледі.



3 – сурет. «Бүк» белгісін көрсету әдісі

А) "Бүк"- жасалынған әдіс балуанның ішіне, қолына, тізесіне тиіп, балуандардың бірінің тізесі кілемге тиюімен аяқталған жағдайда беріледі. Дауыстап "Бүк" деп айтылады, оң не сол қолын йығының деңгейіне көтеріп, алақанын төмен қаратып ұстайды.(3,4,5 – сурет)



Бір ескерту «Бүк» әдісіне тең, Үш «Бүк» бір жамбасқа тең.



4 – сурет. «Бүк» белгісін көрсету әдісі



5 – сурет. «Бүк» белгісін көрсету әдісі



6 – сурет. "Жамбас" белгісін көрсету әдісі

Ә) "Жамбас"- бір немесе екі жамбасының тиюі әсерінен болған әдіс тәсілдері.

Дауыстап "Жамбас" деп айтылады. Оң не сол қолын иығының деңгейіне көтеріп саусақтарын жұмырып ұстайды. Хаттамада «Ж» деп белгіленеді. Екі «Жамбас» бір «Жартылай жеңіске» тең. Екі «Жамбас» + «Жартылай жеңіс» айқын басымдылықпен жеңіс деп есептеледі. Төрт «Жамбас» айқын басымдылықпен жеңіс деп есептеледі.

"Жамбас" - бір немесе екі жамбасының тиюі әсерінен болған әдіс-тәсілдері үшін үш «Бүк» алған жағдайда беріледі.

Дауыстап "Жамбас" деп айтылады. Оң не сол қолын иығының деңгейіне көтеріп, саусақтарын жұмып ұстайды. (6,7 – сурет)

Екі ескерту жасаған жағдайда «Жамбас» ұпайы беріледі.



7 – сурет. «Жамбас» белгісін көрсету әдісі



8 – сурет. «Жартылай жеңіс» белгісін көрсету әдісі

Б) «Жартылай жеңіс» - «көпірге тұру» және бір жауырынының және бір жақ қырының тиюі әсерінен болған әдіс тәсілдері.

Дауыстап «Жартылай жеңіс деп айтылады». Оң не сол қолдың иығының деңгейіне көтеріп, алақанының қырымен төмен көрсетіп ұстайды. Хаттамада «Ж-Ж» деп белгіленеді. Екі «Жартылай жеңіс» айқын басымдылықпен жеңіс деп есептеледі.

"Жартылай жеңіс" балуанның біреуі қарсыласының жауырынын кілемге тигізіп, денесінің бір жақ қырымен тиген жағдайда беріледі. Дауыстап "Жартылай жеңіс" деп айтылады.

Үш ескерту жасалғанда «Жартылай жеңіс» беріледі.

Оң не сол қолын иығының деңгейіне көтеріп, алақанының қырымен төмен көрсетеді. (8,9 – сурет)



9 – сурет. «Жартылай жеңіс» белгісін көрсету әдісі



10 – сурет. «Таза жеңіс» белгісін көрсету әдісі

В) "Таза жеңіс" екі жауырынының тиюі әсерінен болған әдіс тәсілі. Оң не сол қолын жоғары көтеріп, алақанын алдыға белгілеп ұстайды; хаттамада «Т-Ж» деп белгіленеді.

"Таза жеңіс" **О** балуан қарсыласының екі жауырынын кілемге тигізген жағдайда беріледі. Оң не сол қолын жоғары көтеріп, алақанын алдыға белгілеп ұстайды. (10,11 – сурет)



11 – сурет. «Таза жеңіс» белгісін көрсету әдісі



Г) "Ескерту" сылбырлық танытқан жағдайда қолданатын белгі. Дауыстап "Ескерту" деп айтылады. Оң не сол қолын балуанның иығына тигізіп ескерту беріледі. (12 – сурет)



12 – сурет. «Ескерту» белгісін көрсету әдісі

Д) Егер екі балуанның арасынан жеңімпазды анықтауда қосымша берілген 3 минуттан кейін де есеп тең түссе жеңіс салмағы жеңіл балуанға беріледі.

Екі «Жамбас»  бір «Жартылай жеңіс»  тең.

Екі «Жартылай жеңіс»  «Таза жеңіс»  тең.

«Ескерту» **Е** «Жамбас»  тең.

1-ші ескерту «Бүкке» тең.

Екі ескерту ескерту «Жамбасқа» тең.

Үш ескерту «Жартылай жеңіске» тең.

Төрт ескерту «Таза жеңіс» тең.

Әдіс-амалдардың мәнін анықтау

Белдесу аяқталып, жеңімпазды анықтау рәсімі кезінде келесі әдіс-амалдардың мәні анықталады:

а) **аздаған басымдылықпен жеңу;**

ә) **басымдылықпен жеңу (Б).** Бұл жеңіс белдесу кезінде

«Ескерту» (Е), «жамбас»  немесе «Жартылай жеңіс»  белгісі арқылы анықталады;

б) **айқын басымдылықпен жеңу.** . Бұл жеңіс белдесудің негізгі уақыт бітпестен бұрын емес, балуандардың бірі төрт Ескерту "Е" екі «Жамбас» алса немесе «Жартылай жеңіске» ие болған жағдайда беріледі;

в) **Таза жеңіс**

Бұл жеңіс белдесу кезінде негізгі уақыт бітпей тұрып:

- балуандардың бірі екі жауырынымен құлаған кезде;

- жарыстан шеттетілген жағдайда;

- дәрігердің нақты шешімі жарияланғанда;

- балуандардың біреуі жарақаттанып, көмек көрсеті үш минуттан уақыт асып кетсе;

- жіктеу жүйесінде белдесуден бас тартқан кезде;

- қарсыласы кілемге шықпай қалған жағдайда анықталады.

Түсініктеме:

1. Егер аты-жөні аталып шақырылған балуан кілемге шықпай қалса, онда ол жарыстан шығарылып, оған ешқандай орын берілмейді.

2. Белдесу барысында сөйлесуге, қарсыласты баспен лақтыруға, қандайда бір тұншықтыру ұстауларын, қарсыластың мұрны мен аузын қысуға, сөйтіп дем алуға кедергі жасауға, тырнауға, тістеуге, соққы жасауға, саусақтарын ұстауға, қол буындарының бүгілуін қарама-қарсы бағытта бұрауға, аяқтан тебуге болмайды.

3. Балуан жарақат алған жағдайда жарысты онан әрі жалғастыру мүмкіндігі ескеріліп, оған орын берілмейді.

4. Егер балуан ақтық мәреге жетіп, бірақ дәрігерлердің арнайы қорытындысы бойынша одан әрі белдесуді тоқтатуға мәжбүр болса балуан жарыс барысындағы нәтижесіне сәйкес орынға ие болады.

5. Егер екі балуан да ақтық белдесуден дәрекіліктері үшін шеттетілсе, оларға ешқандай орын берілмейді.

Ерекше жағдайлар

а) Тізерлеп отырып жасалған әдістер есепке алынбайды әрі бағаланбайды. (13 – сурет);

ә) «көпір» арқылы жасалған әдістер есепке алынады және бағаланады.



13 – сурет.

Түсініктеме:

1. Егер қарсыласын арқасынан лақтырып, кеудесін қысып, табандылықпен жылдам аударып тастаса әдіс болып есептелінеді.

2. Егер де кеудеге салып, арқасымен лақтырып, ал қарсыласы қарсы амал қолданса әдіс қарсыласының еншісіне жазылады.

3. Егер де әлдебір құлап тастау әдістері сәтті болмаса, онда ешкімге ешқандай ұпай берілмейді.

4. Әдіс жасау кезінде балуанның денесі, тізесі, қолы тиіп тоқтаусыз жасалған тәсілдерге тиісті ұпайлар беріледі.

"Қоян -қолтық" көне күресі

Түсініктеме:

Негізгі уақыт біткеннен кейін қосымша 3 минут «Белдесу» уақыты беріледі. Қолы белден шығып кеткенде, тізесі тигенде, аяғы кілемнен шығып қалғанда, ескерту алғанда жеңіліс болып саналады.

- «қоян қолтық белдесу» кезінде құлап жасаған әдіс есептелінеді.

Егер жоғарыда айтылған анықтаудағы себептер қолданылмаса, онда жеңіс келесі түрде анықталады:

- салмағы жеңіл палуан жеңімпаз деп есептелінеді.

Белдесудің негізгі кезеңінде балуандар тең ұпай иеленсе, жеңімпаз қазақтың көне "қоян -қолтық" күресі арқылы қосымша 3 (үш) минуттық уақытта анықталады.

Мұндай жағдайда балуандар арнайы тағанға тұрып, бір-бірінің белбеуінен ұстайды. (14-15 суреттер)



14 – сурет.



15 – сурет.

Жеңімпазды анықтау:

а) әдіс қолдану кезінде;

ә) қарсыласының әрекетінің әсерінен дене мүшесі (қолы, тізесі, жамбас, жауырыны, іші) кілемге тиіп кеткен жағдайда. (16-17 суреттер)



16 – сурет.



17 – сурет.

Түсініктеме:

Егер жоғарыда айтылған әдістер қолданылмаса, онда жеңіс мына жолмен анықталады (18 – сурет):

1) салмағы жеңіл балуан жеңімпаз атанады;

2) белдесу кезінде балуан кілемнен шығып кеткен жағдайда беріледі;

3) белдесу кезінде арқасы арқылы құлап немесе бір қырымен жата лақтыру әдісін сапалы жасаған балуанға беріледі.



18 – сурет.

Қарсыласының етегінен ұстауға және қолды тіреп жүріп алуға тыйым салынады (19- сурет).



Түсініктеме:

- 1) Жастар құрамасындағы 18 жасқа жеткен балуан ересектер арасында өтетін жарыстарға қатыса алады.
- 2) Түйе балуандармен 80 келі салмақ дәрежесінен жоғары палуандар белдесе алады.

Дәрігерлік қызмет:

- Жарыстың бас дәрігері бас төрешінің орынбасары болып есептеледі. Дәрігер жарыстың өту орнын, делегациялардың жататын, тамақ ішетін орнын тексеріп, нақты шешім шығаруы қажет. Сонымен қатар, нақты жарысқа қатысушы балуандардың салмақ өлшеу рәсімі мен белдесу барысын қадағалап отырады.
- Өлшеудің алдында дәрігерлер балуандардың денсаулығын тексеріп, қорытынды шығарады. Егер балуанның денсаулығы дәрігердің көзқарасы тұрғысынан қалыпты болмаса, ол жарысқа қатыстырылмайды. Бақылап-тексеру кезінде әсіресе, жұқпалы ауруларға айрықша мән беріледі.
- Жарыс барысында кез-келген уақытта сәтсіз жағдай орын алса, дәрігерлер оған араласып, белдесуді одан әрі жалғастыруға яки оны тоқтатуға шешім қабылдауға әзір болуға тиіс.
- Дәрігерлік қызмет көрсетушінің пайымдауынша белдесуді жалғастыру балуанның біріне немесе екіншісіне қауіп төндірсе, онда жарыс басшылығы арқылы кез-келген уақытта белдесуді тоқтатуға құқылы әрі міндетті. Сондай-ақ дәрігер балуанның біреуінің бәсекені одан әрі жалғастыруға дәрмені, мүмкіндігі жоқ екендігін айтып, тез арада белдесуді тоқтата алады.
- Балуандар жарақат алған жағдайда кілемнен шығып кете алмайды. Егер мұрнынан қан кетіп, әлдебір сәтсіздікке душар болса, дәрігермен пікір алысқан төреші белдесуді 3 (үш) минутқа ғана тоқтатады. Әрбір минутты диктор хабарлап отыруы тиіс.

- Жарысқа қатысушы командалардың дәрігерлері өз спортшылары жарақаттанған жағдайда оларға ем-дом жасап, көмектесуге толық құқылы.

Қазақ күресінің ережесі

Шақыру және белдесуді бастау

Балуандар кілемге дауыстап шақырылады. Алайда дәлелді себептерге байланысты балуан бірінші айналымның бірінші жұбына кешігіп келетін болса, кездесу 2 минут уақытқа дейін шегерілуі мүмкін. Есімдері аталып, шақырылғаннан кейін әр балуан күртешесінің түсіне қарай кілемнің оң не сол бүйіріндегі өз орнына келіп тұрады.

Балуандар таныстыру кезінде оң қолымен сол кеудесін басып, төрешілер мен көрермендерге бас иіп, тағзым етеді.

Кілем төрешісі белгі берісімен балуандар кілем ортасына шығады. «Баста» дегеннен кейін белдесулер жалғасады.

Тоқтату және жалғастыру

Белдесу мынадай жағдайларда тоқтатылып, кілем ортасында жалғастырылуы керек:

- егер де балуандар кілемнен шығып кетсе;
- егер де балуандар сылбыр белдесіп, енжарлық танытса.

Төреші "Тоқта!" деген кезде алақанды кеудеге көтеріп, белгі береді.

Ереже бұзылса, "Тоқта!" деп дауыстап және алақанын жоғары көтеріп белгі береді. (1 - сурет)



1 – сурет

Аяқталуы

Белдесу:

- таза жеңіспен немесе айқын басымдылықпен ұтқанда;
- төртінші рет ескерту алғанда;
- белдесуге берілген уақыт аяқталғанда және белдесудің аяқталуын анықтайтын белгі берілгенде аяқталады. (2 – сурет)



2 – сурет

Сылбырлық таныту

Сылбырлық танытуды анықтау:

- рұқсат етілген әдістердің ешқайсысын қолдануға қауқарсыз;
- қара күш арқылы қарсыласының әрекетін тоқтатумен шектелу;
- әдіс жасамай, кілемнен шығып кетуі;
- әдіс қолданбай қарсыласын кілемнен тықсырып шығару;
- тепе-теңдіктен шығармай аяқпен тебу;
- 5-10 секунд аралығында әдіс қолданбай тіреп тұру;
- күртеше етегінен ұстаған және өз белбеуін шешкен жағдайларда ескерту беріледі.

Ескерту

Егер балуандардың қимылы жан-жақты да белсенді күрес тәсіліне қайшы келетін болса және қимылдары сылбыр деп анықталса, белдігін әдейілеп шешкен жағдайда, кеудеше етегінен ұстап әдіс жасалғанда белдесу тоқтатылып, кінәлі балуанға қатаң ескерту жасалады. Сонымен қатар, дөрекілік көрсеткен балуанның жаттықтырушысына да ескерту беріледі. Екінші рет қайталанған жағдайда келесі қатаң ескерту беріліп, жарыстан шеттетіледі. Бұл оқиға назардан тыс қалмау үшін хаттамада жазылады.

Белдесу кезінде жасалынған әдіске сенімсіздік келтірген жағдайда балуанның жаттықтырушысы қамшыны көтеріп наразылық білдіреді немесе кілем ортасына қамшыны тастау арқылы төрешінің берген бағасына келіспейтіндігін білдіре алады.

Мұндай жағдайда бейнекөрініс немесе бас төрешінің араласуы арқылы жаттықтырушының күмәні ақталмаса, спортшыға «Ескерту» беріліп, қарсыласына «Бүк» ұпайы беріледі.

1. I – ескерту – «Бүк»
2. II – ескерту – «Жамбас»
3. III – ескерту – «Жартылай жеңіс»
4. IV – ескерту – «Таза жеңіс»

Тыйым салынған әрекеттер туралы жалпы ереже

Белдесу кезінде төбелесуге, баспен соғуға, қылқындыру әдісін жасауға, қарсыласының өміріне қауіпті аяқ-қолды сындыратын әдістерді қолдануға болмайды.

Егер белдесу барысында балуан тиым салынған тәсілді қолданса, оның бұл әрекеті заңсыз деп табылып, белдесуден шеттетіледі.

Белдесу кезінде төрешілерге қол жұмсап, ар-намысына тиген бапкерлер, балуандар ҚР қазақ күресі Федерациясының шешімімен 1-3 жылға дейін жарыстардан шеттетіледі.

Төрешілер жұмысына араласқан бапкерлер жарыстан уақытша шеттетіледі.

Жазбаша наразылықтар

Белдесу кезінде ереже бұзушылықты анықтаған команда жетекшісі бас төрешіге әр белдесуде бір-ақ рет ауызша наразылық білдіре алады.

Егер де наразылыққа жауапты түсініктеме берілмеген кезде команда өкілі федерациясының ресми қызметкеріне төрешілер алқасының төрағасына 30 (отыз) минут ішінде жазбаша наразылық білдіруге құқылы.